

## "Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының күзету аймағы шекарасын белгілеу және жерді пайдалану режимін айқындау туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы N 182 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 20 шілдеде N 2100 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 118, 121-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының желілік бөлігін пайдалану кезеңінде қажетті жағдайлар жасау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмай газ құбырының белдік нүктесінің (ось) екі жағынан 25 метрден, компрессорлық станциялардың (КС-6, КС-7) жан-жақтарынан 100 метрден іске қосу-қабылдау құрылғыларын тазарту жүйелерінің (ҚҚҚТЖ) жан-жағынан 50 метрден күзету аймағының шекарасы 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. "Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының күзету аймағындағы жерді пайдалану режимі 4-қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Облыс әкімі*

*А. Мұсаханов*

Алматы	облысы	әкімдігінің
2012	жылғы	12
"Қазақстан-Қытай"		маусымдағы
газ	құбырының	күзету
шекарасын	белгілеу	және
пайдалану	режимін	айқындау
туралы"	N	182
1-қосымша		қаулысына



2	Еңбекші-қазақ	19,23	19,23			13,09		6,14	
	Барлығы	38,97	38,97			13,09	8,47	17,41	

Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 12 маусымдағы  
"Қазақстан-Қытай" магистральды  
газ құбырының күзету аймағы  
шекарасын белгілеу және жерді  
пайдалану режимін айқындау  
туралы" N 182 қаулысына  
3-қосымша

**"Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының 50 метрден күзету аймағына кіретін жерлердің қосу-қабылдау тазарту құрылғы жүйелері (ҚҚТҚЖ) экспликациясы**

N р/н	Аудандардың атауы	Күзету аймағының ауданы, га	ауыл шаруашылық алқаптары, га	оның ішінде					
				егістік		көп жылдық екпелер	шабындық	жайылым	басқа да алқаптар
				суармалы	тәлімді				
ҚҚТҚЖ-6									
1	Жамбыл	5,95	5,95					5,95	
ҚҚТҚЖ-7									
2	Еңбекші-қазақ	6,00	6,00			3,11			2,89
	Барлығы	11,95	11,95			3,11	5,95		2,89

Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 12 маусымдағы  
"Қазақстан-Қытай" магистральды  
газ құбырының күзету аймағы  
шекарасын белгілеу және жерді  
пайдалану режимін айқындау  
туралы" N 182 қаулысына  
4-қосымша

## **"Қазақстан-Қытай" магистральды газ құбырының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі**

1. Газ құбырының күзетілетін аймақтарында:

1) оны дұрыс пайдаланудың бұзылуына әкеп соғатын іс-әрекеттерге тыйым салынады ;

2) бақылау-өлшеу пункттерін, аймақтарын және сигнал белгілерін сындыру, басқа жерге ауыстыру және көму ;

3) әртүрлі тектегі қоқыс тастайтын жерге айналдыру және сілті, ерітінді қышқылдарын төгу ;

4) от қою, от көздерін ашуға немесе жабуға тыйым салынады.

2. Газ құбыры кәсіпорнының рұқсатынсыз:

1) кез-келген құрылымдар мен құрылыстарды шығаруға;

2) ағаштар және тал-шыбықтардың барлық түрлерін отырғызуға, жемдер, тыңайтқыштар, материалдар, шөп және сабан жинақтауға, атқоралар орналастыруға, мал ұстауға, балық аулайтын учаскелерді бөлуге, балық өнімдерін өндіруге, мұз жаруды және дайындауды жүргізуге ;

3) газ құбыры трассасы арқылы өтуге және жол салуға, автокөлік, тракторлар және механизмдер тұрақтарын салуға, бақтар мен бау-бақшалар орналастыруға;

4) мелиорациялық жер жұмыстарын, суару және құрғату жүйелерін жүргізуге;

5) ашық түрде және жер асты, тау, құрылыс, монтаждау және жарылыс жұмыстарын, топырақ жоспарлау жұмыстарын жүргізуге;

6) геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздестіру, геологиялық және де басқа да іздестіру жұмыстарын, ұңғырларды орналастырумен байланысты, тік шурф және топырақ сынамасын алуды жүргізуге (топырақ үлгілерінен басқа) болмайды.